

## Қызылорда қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 қыркүйектегі № 39-7/9 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады.

Қызылорда қалалық  
мәслихатының кезекті  
VII сессиясының төрағасы  
Қ. ЕРНАЗАРОВ

Қызылорда қалалық  
мәслихатының хатшысы  
Р. БОХАНОВА

Қызылорда қалалық мәслихатының  
2016 жылғы 23 қыркүйегіндегі  
№ 39-7/9 шешіміне қосымша

## Қызылорда қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1) "Қызылорда облыстық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 25/5 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4584 нөмірімен тіркелген, "Ел тілегі" газетінің 2014 жылғы 5 ақпанындағы 6 (322) санында, "Ақмешіт ақшамы" газетінің 2014 жылғы 5 ақпанындағы 04 (1027) санында жарияланған);

2) "Қызылорда қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 29 шілдедегі № 31/5 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4753 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінің 2014 жылғы 2 қыркүйегіндегі 59-60 сандарында, "Ұлағат ұясы" газетінің 2014 жылғы 2 қыркүйегіндегі 33 санында жарияланған);

3) "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 28-6/2 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5576 нөмірімен

тіркелген, "Қызылорда Таймс" газетінің 2016 жылғы 17 тамызындағы 35 (1339) санында, "Сатып Алу Ақпарат" газетінің 2016 жылғы 17 тамызындағы 147 (868) санында жарияланған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК